



010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, № 11,
тел.: 8 (7172) 55-64-35, факс: 8 (7172) 55-72-79

010000, город Астана, ул. Бейбитшилик, № 11,
тел.: 8(7172)55-64-35, факс: 8(7172)55-72-79

№

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ ДС-336 депутаттық сауалға

Астана қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сауалын қарастырып, өз құзыретінің шегінде қосымшаға сәйкес ақпарат жолдайды.

Қосымша: ___ п.

Ж. Қасымбек

4-тармақ бойынша.

Қазіргі уақытта Астана қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС бірлесіп, 2035 жылға дейінгі Астана қаласының Бас жоспарын (бұдан әрі – Бас жоспар) әзірлеу бойынша жобалық жұмыстарды аяқтады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Бас жоспарды бекітудің болжамды мерзімі – 2023 жылғы желтоқсан.

Бас жоспармен келешекте қаланың дамуына әсер етуі мүмкін экономикалық, әлеуметтік, саяси және өзге де факторларды кешенді талдау негізінде қала өмірінің ықтимал тәуекелдері мен жағымсыз процестерін барынша азайту үшін жобалық ұсыныстар әзірленді, оның ішінде елордадағы халық өсімінің жоғары қарқыны ескеріледі.

Елорда халқының перспективалық санының болжамы корреляциялық-регрессиялық талдау, жас қозғалысының әдістері, статистикалық экстраполяция және еңбек теңгерімі негізінде экономикалық-математикалық әдістерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігінің әдістемесі бойынша халықтың табиғи және көші-қон қозғалысында объективті болып жатқан өзгерістерді ескере отырып орындалды.

Астана қаласы халқының перспективалық санын айқындау кезінде Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық зерттеулер институтының мамандары мен ғалымдарының әзірлемелері, елдің жетекші демографтарының болжамдары және статистикалық талдау деректері пайдаланылды.

2025 жылға арналған халықтың жобалық саны 1,480 млн. адамды, есептік мерзімге, 2035 жылға – 2,275 млн. адамды құрайды. Қала аумағының жалпы ауданы 79,7 мың га құрайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әкімдікпен бірлесіп, елордадағы көші-қон процестерін шешудің ұтымды әдістерін іздеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қатаң шектеу және тыйым салу шараларын белгілеу көші-қон ағындарын бақылауды шешуге әкелмейді. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, көптеген елдер ішкі мигранттар ағынын реттеудің нарықтық сценарийі бойынша жүріп жатыр, әкімшілік шаралар қажетті нәтижелерге әкелмейді.

2023 жылғы 31 қаңтарда Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев Астана агломерациясын жүйелі дамыту стратегиялық маңызды бағыт болып табылатындығын атап өтті.

2023 жылғы 1 қаңтарда «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол агломерацияны одан әрі дамыту

мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының жұмысындағы жүйелік процестерді реттейді.

Агломерацияны үйлестірілген дамыту мәселелерін шешу мақсатында Астана қаласы мен Ақмола облысы әкімдіктерінің бірлескен қаулысымен Жергілікті агломерация кеңесі құрылды. Бұл бағытта жұмыс жалғасуда.

Қала маңы аймағын дамыту, нақты қалыптасқан агломерациялық байланыс, контрмагнит-кенттерді дамыту сауатты әкімшілік саясатты қалыптастырумен бірге көші-қон процестерін теңестіруге мүмкіндік береді, елорда мен қала маңы аймағын экономикалық және әлеуметтік дамыту үшін түрткі болады.

Әлеуметтік объектілерді қосымша жоспарлауға қатысты Бас жоспарды әзірлеу Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес жүргізілетіндігін хабарлаймыз. Жұмыс мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қолданыстағы бағдарламалық құжаттарын ескере отырып, құзыреті бойынша жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста жүргізілуде.

Денсаулық сақтау объектілері.

Бүгінгі таңда қала аумағында 39 мемлекеттік денсаулық сақтау объектісі жұмыс жасайды, олардың ішінде:

республикалық – 9 объект;

аурухана – 9 объект;

амбулаторлық-емхана – 16 объект;

басқа ұйымдар – 5 объект.

жеке медициналық ұйымдар – 147 объект.

Алдын ала есептеулер бойынша 2035 жылға қарай Бас жоспарда 93 жаңа денсаулық сақтау объектісі қарастырылған, оның ішінде:

2025 жылға – 24 объект:

аурухана – 9 объект;

амбулаторлық-емхана – 17 объект;

басқа ұйымдар – 6 объект;

2035 жылға – 54 объект:

аурухана – 3 объект;

амбулаторлық-емхана – 52 объект;

басқа ұйымдар – 6 объект.

Мектептер.

Қалада 133 жалпы білім беретін мектеп бар (оның ішінде: 93 – мемлекеттік; 7 – республикалық маңызы бар; 30 – жеке, 3-арнайы білім беру).

Алдын ала есептеулер бойынша, әзірленіп жатқан Бас жоспарға сәйкес 2025 жылы қалада 210 мектеп және 24 қолданыстағы мектептерге жапсаржайлар, 2035 жылы – 297 мектеп құрылысы жоспарланып отыр.

Мектепке дейінгі білім беру объектілері.

Бас жоспарға сәйкес Астана қаласының тұрғындарын ҚР ҚНМЕ 3.01-01 2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу» қазіргі уақытта 52,5% құрайды.

Бас жоспарда қолданыстағы мектепке дейінгі мекемелерді сақтау және қажет болған жағдайда оларды қайта жаңарту, жаңғырту және күрделі жөндеу жүргізу ұсынылады.

Сонымен қатар, Бас жоспармен ҚР ҚНМЕ 3.01-01 2013 сәйкес нормативтік қажеттілікке қол жеткізгенге дейін мектепке дейінгі мекемелердің қосымша құрылысы ұсынылады. Қызмет көрсету радиусы 300 метр болатын қала құрылысы нормаларын сақтай отырып, оларды қолданыстағы тұрғын үй қорының аудандарында және жаңа тұрғын үй-азаматтық құрылыс аудандарында орналастыру көзделеді.

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жоспарлары бойынша қалада бірінші кезек кезеңінде (2025 жылға дейін) жалпы сыйымдылығы 13,1 мың орындық, оның ішінде жеке тұрған мемлекеттік және жеке мекемелерде 7,4 мың орындық мектепке дейінгі мекемелер салу жоспарлануда. Есептік мерзімге (2035 ж.) мектепке дейінгі мекемелерде тағы 69,6 мың орындық, оның ішінде жеке тұрған мемлекеттік және жеке мекемелерде 38,9 мың орындық салу жоспарлануда, қалғандары тұрғын үй кешендерінің кіріктірілген-жапсарлас үй-жайларында орналасатын болады.

6-тармақ бойынша.

2024–2028 жылдарға арналған кадрларға болжамды қажеттілік: 2024 жылы – 5921 адам, 2025 жылы – 5453 адам, 2026 жылы – 5189 адам, 2027 жылы – 5067 адам, 2028 жылы – 5780 адам.

По пункту 4.

В настоящее время акиматом города Астаны (далее – акимат) совместно с ТОО «НИПИ «Астанагенплан» завершены проектные работы по разработке Генерального плана города Астаны до 2035 года (далее – Генплан), ориентировочный срок утверждения Генплана постановлением Правительства Республики Казахстан – декабрь 2023 года.

Генпланом на основе комплексного анализа экономических, социальных, политических и иных факторов, которые в перспективе могут повлиять на развитие города, разработаны проектные предложения для минимизации возможных рисков и нежелательных процессов жизнедеятельности города, в том числе учитываются высокие темпы прироста населения в столице.

Прогноз перспективной численности населения столицы выполнен с учетом объективно происходящих изменений в естественном и миграционном движении населения по методике Национального статистического агентства Республики Казахстан с использованием экономико-математических методов на основе корреляционно-регрессионного анализа, методов передвижки возрастов, статистической экстраполяции и трудового баланса.

При определении перспективной численности населения города Астаны использованы разработки специалистов и ученых Института экономических исследований, министерства энергетики, индустрии и торговли Республики Казахстан, прогнозы ведущих демографов страны и данные статистического анализа.

Проектная численность населения столицы в 2025 году составит 1,480 млн. человек, на расчётный срок в 2035 году – 2,275 млн. человек. Общая площадь территории города составляет 79,7 тыс. га.

Правительство Республики Казахстан совместно с акиматом ведет работу по поиску рациональных методов решения миграционных процессов в столице.

Установление жестких ограничительных и запретительных мер не приведет к решению контроля миграционных потоков. Зарубежный опыт показывает, что многие страны идут по рыночному сценарию регулирования потоков внутренних мигрантов, административные меры не приводят к желаемым результатам.

На совещании по вопросам развития города Астаны от 31 января 2023 года, Президент Республики Казахстан отметил, что стратегически важным направлением является системное развитие Астанинской агломерации.

1 января 2023 года принят Закон Республики Казахстан «О развитии агломераций», который регулирует системные процессы в работе

центральных и местных органов исполнительной власти по вопросам дальнейшего развития агломерации.

В целях решения вопросов скоординированного развития агломерации совместным постановлением акиматов города Астаны и Акмолинской области создан Местный совет агломерации. Работа в данном направлении продолжается.

Развитие пригородной зоны, четко сформированная агломерационная связанность, развитие посёлков-контрмагнитов вкупе с выстраиванием грамотной административной политики, позволит сбалансировать миграционные процессы, послужит стимулом для экономического и социального развития столицы и пригородной зоны.

Касательно дополнительного планирования социальных объектов сообщаем, что разработка Генплана ведется в соответствии с государственными нормативами в области архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан. Работа ведется в тесном сотрудничестве с местными исполнительными органами по компетенции с учётом действующих программных документов системы государственного планирования.

Объекты здравоохранения.

На территории города функционирует 39 государственных объектов здравоохранения, из них:

- республиканские – 9 объектов;
- больничные – 9 объектов;
- амбулаторно-поликлинические – 16 объектов;
- прочие организации – 5 объектов;
- частные медицинские организации – 147 объектов.

По предварительным расчетам, на 2035 год Генпланом предусмотрено 93 новых объекта здравоохранения, из них:

- на 2025 год – 24 объекта:
 - больничные – 9 объектов;
 - амбулаторно-поликлинические – 17 объектов;
 - прочие организации – 6 объектов;
- на 2035 год – 54 объекта:
 - больничные – 3 объекта;
 - амбулаторно-поликлинические – 52 объекта;
 - прочие организации – 6 объектов.

Школы.

В городе существует 133 общеобразовательные школы (в том числе: 93 – государственных; 7 – республиканского значения; 30 – частных, 3 – специального образования).

По предварительным расчётам, согласно разрабатываемому Генплану, в 2025 году в городе планируется строительство 210 школ и 24 пристроек к существующим школам, в 2035 году – 297 школ.

Объекты дошкольного образования.

Согласно Генплану, обеспеченность населения города Астаны детскими дошкольными учреждениями в соответствии с нормами СНиП РК 3.01-01 2013 «Градостроительство. Планировка и застройка городских и сельских населенных пунктов» в настоящее время составляет 52,5%.

Генпланом рекомендуется существующие дошкольные учреждения сохранить и при необходимости провести в них реконструкцию, модернизацию и капитальный ремонт.

Кроме того, Генпланом предлагается дополнительное строительство дошкольных учреждений до достижения нормативной потребности в соответствии с СНиП РК 3.01-01 2013. Размещение данных объектов намечается как в районах существующего жилищного фонда, так и в районах нового жилищно-гражданского строительства при соблюдении градостроительных норм с радиусом обслуживания 300 метров.

По планам Государственного учреждения «Управление образования города Астаны» в городе в период первой очереди (до 2025 года) планируется построить дошкольных учреждений общей вместимостью 13,1 тыс. мест, в том числе 7,4 тыс. мест в отдельно стоящих государственных и частных учреждениях. На расчетный срок (2035 год) планируется построить еще 69,6 тыс. мест в дошкольных учреждениях, в том числе 38,9 тыс. мест в отдельно стоящих государственных и частных учреждениях, остальные будут размещены во встроенно-пристроенных помещениях жилых комплексов.

По пункту 6.

Прогнозная потребность в кадрах на 2024–2028 годы составляет: в 2024 году – 5921 чел., в 2025 году – 5453 чел., в 2026 году – 5189 чел., в 2027 году – 5067 чел., в 2028 году – 5780 чел.
